

БАКАЛАВР ТҮЛЕГІНІҢ МОДЕЛІ «М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті» КЕАҚ

Білім беру бағдарламасы:

«Қылмыстық құқық және процесс»

(Білім беру саласы 6B04 — Бизнес, басқару және құқық / «Құқық» бағыты)

1. Түлектің кәсіби қызметінің объектісі

«Қылмыстық құқық және процесс» білім беру бағдарламасы бойынша бакалавр түлектерінің кәсіби қызметінің объектісі қылмыстық және қылмыстық-процестік құқық саласында туындайтын қоғамдық қатынастар, құқық қорғау, сот және өзге де мемлекеттік органдардың қызметі, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу, тергеу және қарау саласындағы құқық қолдану және құқық қорғау практикасы болып табылады.

2. Қазақстан Республикасының экономикасындағы түлектер атқаратын нишалар тізбесі

Қазақстан Республикасының Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы классификаторына (ЭҚТЖК) сәйкес 6B042.11 «Қылмыстық құқық және процесс» білім беру бағдарламасының түлектері Қазақстан Республикасының экономикасында төмендегі нишаларда кәсіби қызмет атқара алады:

- **84.24** — қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету қызметі (ішкі істер органдары, тергеу бөлімшелері, өзге де құқық қорғау органдары);
- **84.23** — әділет және сот төрелігі саласындағы қызмет (соттар, сот жүйесінің органдары);
- **84.23** — прокуратура органдарының қызметі;
- **84.24** — сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдарының қызметі;
- **84.11** — жалпы мемлекеттік басқару (мемлекеттік органдар мен мекемелердің қызметі);
- **69.10** — құқық саласындағы қызмет (заңгерлік кеңес беру, адвокаттық қызмет, құқықтық сүйемелдеу);
- **84.25** — қауіпсіздікті қамтамасыз ету және тергеп-тексеру қызметі (қылмыстық-құқықтық салаға қатысты);
- **94.99** — өзге де қоғамдық ұйымдардың қызметі (құқық қорғау қызметі саласында).

3. Білім беру бағдарламасын аяқтағаннан кейін түлек атқара алатын мамандықтар тізбесі

Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіптер классификаторы НКЗ 01-2017-ге сәйкес 6B042.11 «Қылмыстық құқық және процесс» білім беру бағдарламасының түлектері төмендегі мамандықтар бойынша кәсіби қызмет атқара алады:

- **2611** — **Заңгерлер**
(заңгер, заң кеңесшісі, құқық мәселелері жөніндегі маман, құқықтық консультант);
- **2619** — **Басқа топтамаларға енгізілмеген құқық саласындағы мамандар**
(заң қызметінің маманы, құқық қорғау органдарының маманы, сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдарының маманы, прокуратура органдарының қызметкері — лауазымы шегінде);
- **3411** — **Құқық және сабақтас салалардағы орта буын мамандары**

(адвокаттың көмекшісі, прокурордың көмекшісі, тергеушінің көмекшісі);

• **2612 — Судьялар**

(лауазымды атқару Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген қосымша біліктілік талаптарын орындау жағдайында мүмкін);

• **2619 — Басқа топтамаларға енгізілмеген құқық саласындағы мамандар**

(сот органдарының қызметкерлері, сот аппаратының мамандары).

БАКАЛАВР ТҮЛЕГІНІҢ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІ

ҚАЛЫПТАСТЫРЫЛАТЫН ЖАЛПЫ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕР

Жалпы құзыреттіліктің нөмірі мен атауы	Құзыреттер	Негіздеме
ОК 1 Тарих	Қазақстандық бірегейлік пен патриотизмді қалыптастырудағы тарихи білімнің рөлін білу. Тәуелсіз Қазақстан мемлекеттілігінің қалыптасу кезеңдерін меңгеру. Күнделікті өмірде мәдениетаралық диалог құндылықтарын пайдалану және рухани мұраға құрметпен қарау.	ҚР МЖБС, ТУПр
ОК 2 Ғылым туралы ілімдер	Шынайылықты философиялық тұрғыдан пайымдаудың ерекшелігін түсіндіру, дүниетанымды табиғи және әлеуметтік әлемнің өнімі ретінде негіздеу, ғылыми және философиялық таным әдістерін білу. Мифологиялық, діни және ғылыми дүниетанымның мазмұны мен ерекшеліктерін интерпретациялау. Мемлекет, қоғам және азаматтардың өмірін айқындайтын ұлттық идея мен мемлекеттік идеологияны білу.	ҚР МЖБС, ТУПр
ОК 3 Әлеуметтік-саяси білімдер	Әлеуметтік коммуникацияның әртүрлі салаларындағы жағдайлардың табиғатын түсіндіру, әлеуметтік, саяси, мәдени және психологиялық институттардың ерекшеліктерін талдау. Қоғамдағы қатынастарды әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар тұрғысынан бағалау және өз көзқарасын дәлелді түрде қорғау. Еңбек және өмірлік жағдайларда бейімделмелі кәсіби дене шынықтыру дағдыларын қолдану.	ҚР МЖБС, ТУПр
ОК 4 Тілдер	Лексика, грамматикалық жүйе және прагматикалық мазмұнды толық түсіну негізінде тілдік және сөйлеу құралдарын таңдау және қолдану. Таңдалған мамандық бойынша қазақ (орыс) және бір шетел тілінің лексикалық және грамматикалық минимумын, кәсіби ауызша және жазбаша сөйлеуге тән тұрақты тіркестер мен фразеологизмдерді білу.	ҚР МЖБС, ТУПр

	Кәсіби тақырыптарда тезис, конспект, аннотация, рецензия, пікір, реферат құрастыру және әңгіме жүргізу дағдыларын меңгеру.	
ОК 5 Ақпараттық технологиялар	Дайын ақпараттық модельдерді пайдалану, олардың нақты объектіге және модельдеу мақсаттарына сәйкестігін бағалау. Ақпаратты ұсыну тәсілін қойылған міндетке сәйкес таңдау. Күрделі құрылымды ақпараттық объектілерді жасау, ақпаратты қарау, өңдеу, іздеу және дерекқорлар мен компьютерлік желілерде сақтау, сандық ақпаратты әртүрлі тәсілдермен ұсыну.	«Зерде» холдингі цифрлық дағдылар құзыреттерінің шеңбері, ПС
ОК 6 Құқық	Университеттегі оқу процесін ұйымдастырудың академиялық ережелерін, білім алушылардың білімін бағалау критерийлерін, ғылыми кітапхананы және білім беру ортасының басқа да коммуникациялық ресурстарын пайдалану қағидаларын білу. Қазақстанның құқықтық жүйесінің негіздерін, ҚР заңнамасын, бизнесті ұйымдастырудың заңнамалық базасы мен қағидаларын, кәсіпкерлік құқықтың негізгі теориялық ережелерін білу.	ҚР МЖБС, ПС
ОК 7 Экономика және басқару	Экономика, менеджмент және экономиканы мемлекеттік реттеу саласында білім көрсету. Кәсіпкерлік, көшбасшылық, инновацияларды пайдалану, белгісіздік пен тәуекел жағдайында экономикалық және ұйымдастырушылық шешімдер қабылдау дағдыларын меңгеру.	ҚР МЖБС, ПС
ОК 8 Қауіпсіздік және экология	Қоғамның экономикалық дамуымен өзара байланыстағы экологиялық мәселелер туралы білімге ие болу, Қазақстан Республикасындағы табиғатты пайдалануды басқарудың негізгі заңдары мен қағидаларын білу. Өнеркәсіптік объектінің қоршаған ортаға әсерін бағалау, техникалық және экологиялық сараптама мен аудит жүргізу.	
ОК 9 Жаратылыстану-ғылыми	Жоғары математиканың негізгі бөлімдері бойынша білімді көрсету және оларды кәсіби қызметте қолдану. Физиканың негізгі ғылыми фактілерін, құбылыстарын, заңдарын, ұғымдарын білу және оларды кәсіби қызметте пайдалану, әлемнің заманауи ғылыми бейнесі туралы түсінікке ие болу. Химияның негізгі заңдары мен ұғымдарын, зат құрылысы теориясын, элементтер мен олардың қосылыстарының химиялық қасиеттерін білу және теориялық химия негіздерін практикалық қызметте қолдану.	ҚР МЖБС, ПС

ҚАЛЫПТАСТЫРЫЛАТЫН КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕР

№	ҚҰЗЫРЕТТІЛІК	Негіздеме
ПК 1	Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы нормаларын қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау кезінде қолдану.	Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіптер классификаторы, Оқу-кәсіби құзыреттер
ПК 2	Сотқа дейінгі тергеп-тексеру және сот талқылауы сатыларында қылмыстық-процестік заңнама нормаларын қолдану.	Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіптер классификаторы, Оқу-кәсіби құзыреттер
ПК 3	Істің нақты мән-жайларын талдау, дәлелдемелерді жинау, бағалау және пайдалану.	Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіптер классификаторы, Оқу-кәсіби құзыреттер
ПК 4	Зандық және процестік құжаттарды (қаулылар, айыптау актілері, шағымдар, өтінішхаттар және т.б.) дайындау.	Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіптер классификаторы, Оқу-кәсіби құзыреттер
ПК 5	Қылмыстық процесте тұлғаның құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету.	Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіптер классификаторы, Оқу-кәсіби құзыреттер
ПК 6	Сот және тергеу практикасын талдау, құқықтық қорытындылар мен ұсынымдар әзірлеу.	Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіптер классификаторы, Оқу-кәсіби құзыреттер
ПК 7	Қылмыстық құқық және процесс мәселелері бойынша құқықтық кеңес беру.	Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіптер классификаторы, Оқу-кәсіби құзыреттер

ТҮЛЕКТІҢ БІЛІМІ, ІСКЕРЛІГІ ЖӘНЕ ДАҒДЫЛАРЫ

Білімдері:

- Құқық теориясының негіздері, қылмыстық және қылмыстық-процестік құқық көздері;
- Қазақстан Республикасының қылмыстық құқық және қылмыстық процесс саласындағы нормативтік құқықтық актілері;
- Криминалистика, сот сараптамасының негіздері, құқықтық қорғаудың халықаралық стандарттары;
- Қылмыстарды саралау қағидаттары, қылмыстық процестің сатылары.

Іскерліктері:

- Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі мен Қылмыстық-процестік кодексінің нормаларын қолдану;
- Құқықтық жағдайлар мен практиканы заңдық талдау;
- Процестік құжаттарды (шағымдар, өтінішхаттар, актілер, үкімдер) дайындау;
- Сот жарыссөздеріне қатысу және қатысушылардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету.

Дағдылары:

- Заңдық жазба және құжаттарды рәсімдеу;
- Кәсіби қарым-қатынас және құқықтық кеңес беру;
- Цифрлық құқықтық платформалар мен жүйелерді қолдану;
- Кәсіби қызмет этикасын сақтау.

ЖЕКЕ ТҮЛҒАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ МАҢЫЗДЫ ҚАСИЕТТЕР

Түлек төмендегі қасиеттерімен сипатталады:

- құқықтық жауапкершілік, объективтілік, аналитикалық ойлау;
- өзін-өзі дамытуға және кәсіби өсуге дайындық;
- заңгерлік практиканың этикалық нормалары мен стандарттарын сақтау;
- адам құқықтары мен бостандықтарына құрмет.

АКАДЕМИЯЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ ПЕРСПЕКТИВА

Бакалавр түлегі:

- мемлекеттік және мемлекеттік емес құқықтық құрылымдарда кәсіби қызмет атқаруға;
- құқық қорғау, сот, адвокаттық және консультациялық ұйымдарда жұмыс істеуге;
- магистратурада білімін жалғастыруға және кәсіби даярлықтан өтуге дайын.